



BAITURSYNULY  
UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ  
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ Өңірлік  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



# ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

КӨПСАЛАЛЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ  
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ  
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№ 1

2024

ISSN 2310-3353



**PUBLISHINGS**  
**K S P I**



**Қ М П И**  
**ЖАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**  
**К Г П И**

2024 ж., қаңтар, №1 (73)  
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады  
Жылына төрт рет шығады

**Құрылтайшы:** *Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті*

**Бас редактор:** *Қуанышбаев С. Б.*, география ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

**Бас редактордың орынбасары:** *Жарлығасов Ж.Б.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

#### **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

*Әлімбаев А.Е.*, философия докторы (PhD), А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Қазақстан.

*Емин Атасой*, PhD докторы, Улудаг университеті, Бурса қ., Түркия.

*Зоя Микниене*, докторы, (PhD) Литва денсаулық туралы ғылым университеті, Каунас қ., Литва Республикасы.

*Качев Д.А.*, философия ғылымдарының кандидаты, тарих магистрі, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

*Ксембаева С.К.*, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

*Лина Анастасова*, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Бургас еркін университеті, Бургас қ., Болгария.

*Медетов Н.А.*, физика-математика ғылымдарының докторы, «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

*Мишулина О.В.*, экономика ғылымдарының докторы, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

*Соловьев С.А.*, биология ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік экономика және басқару университеті, Ресей.

*Скоруходов Д.М.*, техника ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

*Сычева И.Н.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

*Ташев А.Н.*, экология бойынша биология ғылымдарының кандидаты, орман шаруашылығы университеті, София қ., Болгария.

*Уразбоев Г.У.*, физика-математика ғылымдарының докторы, Ургенч мемлекеттік университеті, Өзбекстан.

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж  
Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.  
Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 07.11.2023 ж.  
Жазылу бойынша индексі 74081

#### **Редакцияның мекен-жайы:**

110000, Қостанай қ., Байтұрсынұлы к., 47  
(Редакциялық-баспа бөлімі)  
Тел.: 8(7142) 51-11-76

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университеті

№1 (73), январь 2024 г.  
Издается с января 2005 года  
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы*

**Главный редактор:** *Куанышбаев С.Б.*, доктор географических наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

**Заместитель главного редактора:** *Жарлығасов Ж.Б.*, кандидат сельскохозяйственных наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

#### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

*Алимбаев А.Е.*, доктор философии (PhD), Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Казахстан.

*Емин Атасой*, доктор PhD, Университет Улудаг, г. Бурса, Турция.

*Зоя Микниене*, доктор (PhD), Литовский университет наук здоровья, г. Каунас, Республика Литва.

*Качеев Д.А.*, кандидат философских наук, магистр истории, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

*Ксембаева С.К.*, кандидат педагогических наук, НАО «Торайгыров университет», Казахстан.

*Лина Анастасова*, доктор социологии, Бургасский свободный университет, г. Бургас, Болгария.

*Медетов Н.А.*, доктор физико-математических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова», Казахстан.

*Мишулина О.В.*, доктор экономических наук, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

*Соловьев С.А.*, доктор биологических наук, Новосибирский государственный университет экономики и управления, Россия.

*Скороходов Д.М.*, кандидат технических наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

*Сычева И.Н.*, кандидат сельскохозяйственных наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

*Ташев А.Н.*, кандидат биологических наук по экологии, Лесотехнический университет, г. София, Болгария.

*Уразбоев Г.У.*, доктор физико-математических наук, Ургенчский государственный университет, Узбекистан.

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж  
выдано Министерством информации Республики Казахстан 17.09.2004 г.  
Переучёт периодического печатного издания 07.11.2023 г.  
Подписной индекс 74081

#### Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынұлы, 47  
(Редакционно-издательский отдел)  
Тел.: 8(7142) 51-11-76

**Ключевые слова:** концепт, ассоциация, символ, концептуальные единицы, познание, мировоззрение.

YESSIRKEPOVA, K.K., YELEPAY, A.A., UKENOVA, T.M.

THE CONCEPT OF «KAZAKH IMAGE» IN MUSIREPOV'S NOVEL «ULPAN»

*This article analyzes the conceptual system "Kazakh nations' image" in G. Musyrepov's novel "Ulpán". The writer's novel underwent conceptual analysis, drawing on theoretical knowledge of the concept, its structure, and conceptual system units. Throughout this analysis, the author's own perspective on the "Kazakh nations' image" was organized systematically, utilizing units like frames, thoughts, scenarios, stereotypes, and schemas.*

**Key words:** concept, association, symbol, conceptual units, cognition, worldview.

ӘОК 81'373; 808

**Қожанұлы, М.**

филология ғылымдарының кандидаты,  
профессор, Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қорғаныс университеті,  
Астана қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚТЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІНДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАР ХАҚЫНДА

### Түйін

Мақалада халық ауыз әдебиетінің бір саласы – шешендік сөздерді отандық ғалымдар көзқарастарына сүйеніп, қазақ ономастикасы аясында сөз етеді.

Шешендік сөздерді о баста айтушы жеке адамдар болса, ал оны сақтаушы, келер ұрпаққа жеткізуші халық екенін және халық санасында мәңгі сақталған образдар: Сырым шешен, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би т.б. би-шешендер айтты деген сөздерге тоқталып, ономастикалық кеңістіктегі атаулардың қыр-сырын танып-білуге де болатынын алға тартады.

Автор ономастикалық атаулар шешендік арнау, толғауларға қарағанда, шешендік дауда жиі кездесетінін назарға алып, ең алдымен, шешендік дау аясында, сондай-ақ шешендік сөздің кейбір түрлеріне де тоқталады.

Халық ауыз әдебиетінің күрделі де көркем дүниесі шешендік сөздерінде кездесетін ономастикалық атауларды жинақтап, қазақ ономастикасы аясында кешенді түрде зерттеудің маңызы зор екенін және шешендік сөзді ономастикалық термин идеонимнің бір түрі деп, оны ритороним термині ретінде қарастыруды ұсынады.

**Кілт сөздер:** шешендік сөздер (риторика), ритороним, шешендік сөз түрлері: шешендік арнау, толғау және дау, шешендік дау түрлері, қазақтың ру аттары.

### 1 Кіріспе

Халық ауыз әдебиетінің бір саласы – шешендік сөздер.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі шешендік сөздердің жасалуы, қалыптасуы мен даму жолдары туралы алғаш зерттеген отандық ғалымдар: Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайыловтың т.б. еңбектерінде оның мазмұны мен түрлері, тармақтары туралы айтқан құнды пікірлері күні бүгінге дейін өз мәнін жойған емес. Алайда, қазақтың шешендік сөздерін сөз еткенімізде, ең алдымен, Ә. Мәметованың «Қазақ билерінің шешендік сөздері және оның әдебиеттегі тарихи орны» атты кандидаттық диссертациясы мен шешендік

сөздерді жинап, зерттеген ғалым Б. Адамбаевтың (Адамбаев,1969) және С. Негимовтің (Негимов,1997) зерттеулері ойға оралады.

Әлемдік риторика ғылымының тәжірибелеріне сүйеніп, Ғаламторда: «Шешендік сөз (риторика – ағылш.  *rhetoric*; шешенсөз немесе шешендік өнер) ертеде келе жатқан халықтардың мәдени, рухани, өмір тіршілігіндегі сөйлеу өнерінің жалпы атауы» (Ғаламтор,2023),- делінсе, ал шетелдік ғалымдардың зерттеулері негізінде отандық ғалым С. Негимов: «Риторика» терминдік атауының әуелгі, әрі негізгі мағынасы шешендік өнердің теориясы дегенді білдіреді... Филология ғылымында риторика мәнерлі сөйлеудің теориясы деп те табылады. ...Асылы, шешендік өнер және оның теориясы – ұлттық мәдениеттің бөлінбес бөлшегі» (Негимов,1997,5-б.),- деп жазғандай, шешендік сөзді фольклорлық жанрдың бірі ретінде қарайды.

Жалпы, шешендік сөздер – өмірлік тәжірибенің қорытындысы, айтайын деген ойдың, тоқсан ауыз сөздің түйіні. Сол қорытындыны жасаушы о баста жеке адамдар болғанымен, кейін бізге жеткізуші, сақтаушы да халық. Сондықтан қазақтың шешендік сөз нұсқалары ертегі, аңыз-әңгіме, ескі өлең-жырлардан, дастандардан басталып, тарихи және белгілі жеке адамдардың атымен байланысты қалыптасып (мысалы, Майқы би мен Аяз би, Жиренше шешен, Асан қайғы, Қарашаш, қазақтың билері: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және Сырым батыр, Шернияз шешен, Бөлтірік шешен, т.б.), айтылған шешендік сөздерді кездестіреміз. Бұдан біз олардың айтқан сөздерінен өзі өмір сүрген ортасына деген көзқарасын, бір сөзбен айтқанда, шешендік сөздерінің өн бойынан бата-тілектен бастап, өсиет-қария сөздер, өмірде кездесетін түрлі мәселелері (жер дауы, жесір дауы, ру, ағайын арасындағы дау, т.б.) қамтылған сөздерді көреміз.

Ұлт әдебиетіндегі әдеби термин шешендік сөздер қазақ ономастикасында әлі де болса зерттелмегенін ескеріп, ономастикалық термин идеонимнің бір түрі «риторионим» (қазақ тілінде «шешенсөз» ағылш. тілінде – « *rhetoric*» – риторика, гр. тілінде – « *орона*» – есім) мәнін білдіреді) деп қарастырдық. Өйткені, отандық және шетелдік ономастикалық мектептің өкілдері: «Идеоним – оним түрі; адам қызметінің ойлау, идеологиялық, көркем аясындағы түрлі денотаттары бар жалқы есімдерді аталмыш терминге шартты біріктірілген, соның ішінде артионим, библионим, гемероним, поэтоним, документоним, т.б.» (Мәдиева,2005,180-б.; Подольская,1988,61-б.),- деп жазғандай, жоғарыдағы идеонимге берілген анықтамаға сүйеніп, біздіңше, шешендік сөзді (риторионим) идеонимнің қатарына жатқызуға болады. Сонымен, *риторионим (шешендік сөз) деп, ертегі, аңыз-әңгіме, ескі өлең-жырлардағы, дастандардағы, өмірде болған тарихи және жеке адамдардың ойлауы, қарым-қатысы, іс-әрекеті барысында, оларды шындыққа негіздеп, даралап атаған ономастикалық кеңістіктегі атауларды айтамыз.*

Академик-жазушы М.О. Әуезов: «Шешендік күші-шындық» (Адамбаев,1969,85-б.),- деп жазғандай, шешендік сөздердің басты ерекшелігі – алға қойған мақсат-мұратына жетуде, тіпті, тұспалдап айтса да нақты фактіге, шынайы шындыққа құрылуында.

Зерттеушілер шешендік сөздерді шартты түрде үшке: шешендік толғау, шешендік арнау және шешендік дау деп бөліп, оларды іштей мазмұнына қарай бірнеше топқа бөліп қарастырса, құрылысы жағынан үш бөлімнен: кіріспе, баяндау, қорытындыдан тұрады. Осы орайда, шешендік сөзді айтушылардың ой-тұжырымдарынан тіл құдіреті арқылы тыңдаушыларға Абайша «Жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» немесе Ахмет Байтұрсыновша айтқанда: «Сөйлемдерді бір-бірімен дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру шарт» (Негимов,1997,147-б.),- дегендей, оның құрылысын қатаң сақтап отырғанын аңғару қиын емес.

Ғалым Б. Адамбаев өз зерттеуінде шешендік өнер түрлеріне жан-жақты талдау жасай келіп, «... шешендік дау – қазақ қауымының заттық және рухани даулы мәселелерді реттейтін ежелгі әдет заңы сияқты.

Шешендік дауларды мазмұнына қарай жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал дауы және ар дауы деп беске бөлуге болады» (Адамбаев, 1969, 34-б), - деп жазғандай, қазақтың шешендік сөздері аясында кездесетін ономастикалық атаулар хақында ой-пікірімізді ортаға салуды мақсат еттік.

## 2 Материалдар мен әдістер

Материалдарды зерделеу барысында шешендік сөздер туралы отандық зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалып, ономастикалық атаулар шешендік арнау, толғауларға қарағанда, шешендік дауда жиі кездесетінін назарға алып, ең алдымен, шешендік дау аясындағы кейбір түрлері негізге алынды. Зерттеу барысында шешендік сөздердегі ономастикалық атаулар (ру-тайпа аттары) туралы Сөздіктер мен ғылыми-ақпараттық база деректерін пайдаланып, салыстырмалы-талдау әдістері қолданылды.

## 3-4 Нәтижелер мен талқылау

Мақалада қазақтың шешендік сөздерінде кездесетін жер, құн, мал және жесір дауымен байланысты айтылған ономастикалық атаулардың өн бойында адам аттарымен бірге ру, жер-су аттары, сондай-ақ төрт түлік малдың қадір-қасиетіне де қатысты ғалымдар пікірлерін қайтадан ой елегінен өткізіп, танымдық-тілдік тұрғыдан қарастыруды жөн көрдік.

### *Жер дауына қатысты*

Ұлы жүз Төле би, Кіші жүз Әйтеке би және Орта жүз Орманбет үшеуі Қасқакөл деген жерге таласып, ортақ шешімге келісу барысында айтылған шешендік сөздеріне мән берелік. Сонымен:

«Ұлы жүз үйсін Төле би, Кіші жүз Алшын Әйтеке би және Орта жүз Орманбет үшеуі Қасқакөл деген жерге талас болып сөйлесуге жиырма үй тіктіріп ел жиналғанда, Төле бірінші сөз бастайды:

- Ей, Орманбет! Мен әлі тірімін, өлген жоқпын; бұдан бұрын әлде неше сәлем айтсам да сен келген жоқсың, ер кетер, жер жетер, ешкімге опа қылмас дүние – боқ. Сен бізден кіші баласың, біз барып қайттық, сен ілгері барасың, біз енді көп жүрмеспіз, көмілерміз. Сен жассың, көңілдегіңді аларсың!- дейді. Сонда Әйтеке Төлені қостап:

- Бай болсаң халыққа пайдаң тиссін, батыр болсаң дұшпанға найзаң тисін; бай болып елге пайдаң тимесе, батыр болып жауға найзаң тимесе, жұрттан ала бөтен үйің күйсін деуші еді, бізге кейінгілер соны айта ма деп қауіптенемін,- дейді. Сонда Орманбет:

Екі би айтқан сөзің жарасады,

Еншіге әркімдер-ақ таласады.

Бұл Қасқакөл орта жүздің көлі еді,

Айтқандарың қиянатқа жанасады.

Қанағатсыз билерді қабан деген,

Қамшылатқан жүйрікті шабан деген,

Біреудің ақысына зорлық қылса,

Мұндай іс ақыретте жаман деген,- дейді.

Оған Төле былай дейді:

Ей, Орманбет! Сіз бізге Қасқакөлді беріңіз,

Қасқакөл рас сізге жақынырақ жеріңіз.

Бардан пайда, жоқтан залал деген,

Не берсе қайырын тілеп көріңіз,

Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар,

Әр жерде су ішетін басқа көл бар,

Үш бөліп, енші қылып алысайық,

Жер жетер, көңіліңді ұстама тар» (Адамбаев, 1969, 34-35-б.), - дейді. Бұл дау жолдарынан жақсылығыңмен еліңе пайданды, жамандығыңды жауыңа көрсет. Пейілің жетсе, жер де жетер, көл үшін араз болмайық,- деген қалың бұқараның, халықтың арман-тілегі болса, соңында бітпей қалған дауды анасының ақылымен Орманбет Қасқакөлді

ынтымақпен, ортақ бітімге келіп, бір-бірімен татуласып тарқайды. Сонда Төле бидің айтқаны:

- Билер жақсы болса білім иесі батырдағы,  
Жаман болса сал бөкселі қатындағы.  
Әйел жақсы болса, елдің басшысы емес пе?!  
Бұрынғылар осылай демес пе?  
Қасқакөлді алам деп келіп едім,  
Орманбет бермеген соң өліп едім.  
Жетпіс жасқа келгенде, сөзім жерде қалып,  
Мәңгіде тірілмейтін өлік едім, жеңгей!  
Мені тірілттіңіз, енді балаңызға бата берейін,- дейді (Есхожин, 1993,49-б.).

Жоғарыдағы дауға негіз болған Қасқакөл көлі қай жерде орналасқаны туралы нақты деректерді таппасақ та, дерек көздерінен Ақмола облысында төмендегі атаулардың барын анықтадық. Мысалы, Энциклопедияда: «Қасқакөл – қоныс. Балуанкөл ауылының оңт.-шығысында, Жарқайың ауд.-нда.» (Энциклопедия, 2006, 45-б.),- деп берілсе, соңғы шыққан Сөздікте Қасқакөл түрінде емес: «Қасқа – жер аты (Ақм. обл. Сандықтау ауд.)» (Абдрахманов,1998, 174-б.),- деп берілген. Сондай-ақ, Ғаламтордан іздеуде Қасқакөл атауы табылмады, тек Павлодар облысы аумағында Қарақасқа көлі атауы бары анықталып, «Қарақасқа көлі Павлодар облысы Ақтоғай ауданындағы Андриановка ауылынан оңтүстікке қарай 6 км жерде орналасқан. Көл теңіз деңгейінен 93,2 м биіктікте жатыр» Ғаламтор,2023),- деген мәліметті кездестірдік. Сондай-ақ, осы атау Сөздікте: «Қарақасқа – көл, мекен аттары» (Қойшыбаев, 1985,154-б.),- делінсе, Энциклопедияда: «Қарақасқа – ащы тұзды көл, Жамантұз к-нің оңт.-батысында, Ақтоғай ауд.-нда» (Энциклопедия,2006,664-б.),- деп берілген. Біздіңше, Қасқакөл мен Қарақасқа көлі екеуі екі атау деп қараған орынды.

Сонымен:

«...Қасқакөл рас сізге жақынырақ жеріңіз  
...Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар,

Әр жерде су ішетін басқа көл бар,»,- деген жолдарға назар аударсақ, Қасқакөл атауы Ақмола облысының жерінде болуы мүмкін, оны Энциклопедиялық анықтамалық та нақтылай түседі. Ақын С. Сейфуллин «Көкшетау сексен көлдің саясында»,- деп жырлағандай, сол 80 көлдің бірі, бір кездері дауға негізі болған Қасқакөл, бүгінде Ақмола облысында қоныс аты түрінде сақталып қалған-ау деген ойға жетелейді.

Жер бетінде қаншама атаулар жоғалып немесе жаңа атауға ие болғанын ескерсек, Энциклопедияда (Энциклопедия,2006) кездесетін Қасқакөл атауы жарық көрген Сөздіктерде (Қойшыбаев, 1985.; Жанұзақ, 2009) кездеспеуі, мұндай үрдістер Сөздікті қайта құрастыруда немесе толықтыруда болатын кемшіліктер деп қараған жөн.

Әсіресе, Жер дауы Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары даулы мәселеге айналғаны ешкімге жасырын емес. Бұрын «Жер халықтікі, оны пайдалану ортақ» деп, ортақ шешіммен келісіп жатса, бүгінде мемлекет меншігіндегі жерлер ат төбеліндей билігі бар адамдардың, «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетіп, онымен ортақ шешімге келе алмағанымыз тағы да белгілі. Еліміз осы бір қателікті болдырмау мақсатында жерді мемлекетке қайтаруда іс-шаралар жүргізіліп, оң нәтижелерін беруде.

Ғалым С.Негимов: «...Тұран-Түріктердің Ұлы Отаны, Б.з.д. Мөде қаған Құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Отан – біздің ғана дүние-мүліктеріміз емес, қабірде жатқан ата-бабаларымыздың сүйектері мен қияметке дейін туатын ұрпақтарымыздың да қасиетті жерде үлесі бар» деген екен. Ендеше, Қасиетті Қазығұрт мен «Мәңгілік Ел» саябағы – Ұлы даланың баға жетпес інжу-маржаны» (Негимов, 2022,13-б.),- деп жазғандай, ғалымның, Мөде қаған сөзі арқылы жерге бүгінде біз ғана емес, кешегі ата-бабамыздың және болашақ ұрпақтың да үлесі бар екенін, жер халықтың, мемлекеттің меншігіндегі асыл мұрасы екенін, көзді қарақты, қолында билігі бар азаматтарға, ел ағаларына «тоқсан ауыз сөздің түйінімен» асқан

шеберлікпен жеткізе білгенін біз де құптаймыз.

*Құн дауына қатысты*

Кіші жүз Жарасбай елі Қыпшақ Хангелді батырды өлтіріп, құн төлемейді. Ысмайыл деген қарт тіл мен жағына сүйеніп, қыпшақтарға теңдік бермейді. Бір жолы қыпшақтардың талапкерлеріне ілесіп жас Балаби (шын аты Ыбырай) барады. Сонда Ысмайыл: «Бұл – келіннің тойы, кемпірдің өлімі емес, ердің құнын, нардың пұлын даулайтын, ердің арысын, елдің намысын қорғайтын үлгілі би, үнемді жүйрік түсетін жер емес пе! Түйенің тайлағы, баланың ойнағындай мыналарың кім?» – дейді. Сонда Балаби: «Ердің құнын жастың жайсаңы даулайды, не кәрінің сайтаны даулайды» деуші еді. Сен кәрінің сайтаны болсаң, мен жастың жайсаңымын...» – дейді. Қарт би сөзден тосылып, құн төлеп құтылыпты» (Адамбаев,1969,38-39-б.),- деген жолдардан рудың күші емес, қарт бидің жүйелі сөзге тоқтай білгенін көреміз.

«Ертеде Бәсентиін руы жағынан біреулер Керейдің жылқысын алады. Оған Керей жағы барымтаға барғанда екі арада жанжал болып Бәсентиін жағынан бір кісі өледі. Керейлер ұзақ уақыт теңдік бермейді. Осыған байланысты болған бір жиында Бәсентиін жағының даугері Қазанғап Керейдің жауапкеріне;

- Ей, Тоқсан би! Менің сөзім пұлсыз, ерім құнсыз болатын не жазығым бар?- дейді.

Сонда Тоқсан:

- Сөзің пұлды, ерің құнды болсын! Әуелі ыза кімнен, жаза кімнен? – депті. Осы бір ауыз сөзден Қазанғап жеңіліп, кінәсін мойындап, құн алудан бас тартады» (Адамбаев,1969,39-б.),- дегеннен, о баста осы дауды бастаған кім болса, оның себептерін сол жақтан іздеген орынды деген түйін бар.

*Жесір дауына қатысты*

Ертеде Ұлы жүздің жесірін Кіші жүздің бір жігіті алып қашып, содан ел арасында барымталасқан егес біраз уақытқа жалғасса керек. Осы дауды шешу үшін үш жүздің өкілдері бас қосады. Оқиғаны қысқаша баяндасақ: Ұлы жүз Төле би өз жағына икемдесе, Кіші жүз өкілі Мәлсе би өз жағына бейімдейді. Сонда Орта жүздің биі Қаздауысты Қазыбек оларға күле отырып:

- Аталарың Ұлы жүзді таяқ беріп малға қой, Кіші жүзді найза беріп жауға қой, Орта жүзді қамшы беріп, дауға қой дегені қайда? Сүрінсем сүйер алдымда ағам бар, артымда інім бар, билік менікі еді ғой!

Бұл сөзге екі жағы да тоқтап, билікті Қазыбекке береді. Сонда Қаздауысты Қазыбек былай деп төрелік айтады:

- Уа, Үйсін Төле!

Сен атадан үлкен туасың.

Ініңнің бір еркелігін көтермей,

Жылқысын неге қуасың?

- Уа, жарқыным Мәлсе!

Сен қара шаңырақтағы еркесің,

Ағаңның көзі тірісінде жеңгенді неге ертесің!

Сен – Мәлсе би, жесірді қайыр!

Сен –Төле би, жылқыны қайыр! (Адамбаев,1969,36-37-б.),- дейді.

Бұл даудан екі ел руы арасындағы ұзаққа созылған дау-жанжалы осы төрелікке тоқтап, бітімге келгенін көреміз.

*Мал дауына қатысты*

Шешендік сөздердің бір тобы әлділердің малына шаруа баққан әлсіздердің малы қосылып кетсе, не сойып алса, артынан іздеп келсе де малдарын бермеу ниеттеріне қатысты мысалдар да бар. Соның бір-екеуіне назар аударалық:



*1-мысал:* «Нау дейтін біреудің бір ешкісі жоғалады. Ақырында оны сойған ұрысы табылып, төлеуіне екі ешкі берсе, алмай дауласып, ханға жүгінеді. Хан «ешкің қандай еді?» дегенде Нау:

Ешкімнің іші толған лақ еді,  
Саусам сүті бұлақ еді.  
Қап-қара құрты бар еді,  
Қарын-қарын майы бар еді.  
Сойсам терісі етіме қап еді,  
Мүйізі пышағыма сап еді.  
Қатыным қандай көретін еді,  
Айыр емес, нардай көретін еді,- деп шұбырта жөнеледі.  
- Ешкіңнің мақтауын келістірдің, енді төлеуін айт,- дейді хан.  
Төлеуіне төрт ешкі,  
Айыбына алты ешкі,  
Басына қосақ,  
Артына жетек,  
Өзімен он үш ешкі,  
Би ақысы бір ат,- дейді Нау.

Сонда хан шімірікпестен: – бір ат, он үш ешкі бер де құтыл! – деп билік қылады» (Адамбаев,1969,40-б.).

*2-мысал:* «Бір бай Тарақты Таубай шешеннің ауысқан бір тоқтысын жыл бойы қайырмай жүріп, келер жылы тоқтысына тоқты беріп құтылмақ болады. Бірақ Таубай «тоқтымды өсімімен бересің» деп даулайды. Екеуі би алдына барғанда:

- Тоқтыңа тоқты берсе алмайды,- дейді, енді не аласың бар? – дейді би.

- Тоқтылы қой, тоқымдай киіз, тоқты қарын май, тоқсан құрт аласым бар, өйткені жыл асқан тоқты тұсақ болады, бір рет қоздайды, екі рет қырқылады, тоқсан күн сауылады,- дейді, сонда Таубай.

- Айтқанын беріп тезірек құтыла көр, келесі жылға қалса қоралы қой даулар мынау,- дейді би» (Адамбаев,1969,89-б.).

Жоғарыдағы мысалдардан жоқтап келген мал иесі малының қадір-қасиетін сипаттай (мұны төрт түлік малдарға тән сипаттаудың бірі деп қараған орынды) отырып, дәлелді сөзбен дауда ұтып, жүйелі сөзге тоқтай білген хан мен бидің әділ шешімін аңғарамыз.

Шешендік даулар екі адамның арасындағы түрлі дау-жанжалдан басталып, екі ру (ел) арасындағы бітімге дейін сөздерді ұзақ сөзбен емес, қарсы жақтың ұрымтал жерін байқап, бір ауыз сөзбен тоқтатып, жеңіп отырған. Олай болса, шешендік дау тобына жататын жер, құн, жесір және мал дауы да ономастикалық атаулардың қыр-сырын танып-білуге де ықпал ететіні сөзсіз.

Шешендік сөздерді о баста айтушы жеке адамдар болса, ал оны сақтаушы, келер ұрпаққа жеткізуші халық десек те, зерттеу нысанамызға орай, аты аңызға айналған халық санасында мәңгі сақталған образдар: Сырым шешен, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би т.б. би-шешендер айтты деген сөздерді айтуға болады. Соның бірі – шешендік сөздердің тағы бір қыры – қазақтың руларына қатысты айтылған би-шешендер сөздері.

*Руларға қатысты*

Соның бірі – Сырым батыр айтқан Тана руы туралы. «Ертеде Сырым кішкене бала күнінде асық ойнап жүрсе, төрт-бес аттылы адам қастарынан өтіп бара жатады.

- Ағалар, жол болсын, қай русыздар? – дейді бала. Жолаушылар «Танамыз» дейді.

- Қай танасыз? – дейді бала. Жолаушылар жауап бере қоймайды. Сырым жолаушылардың соңынан қалмай, бір ақсақалмен қатарласа жүріп:

- Ата, алты ата Асанбысыз, жеті ауыл Жиенбетпісіз, бес ауыл Бессарымысыз, шәлкеш Қараманбысыз, ат бәйгесінен келген, дұға тимеген Қаракұнанбысыз, дұға дарыған, тәңірім қалаған Қалқаманбысыз? – дейді. Қарт тоқтап:

- Балам, кім баласысың? – дейді.

- Даттың баласымын,- деп, Сырым жолаушыларды үйіне ертіп келеді. Бұл Қараман Малайсары екен. Даттың үйіне түсіп, қонақ болып, Малайсары аттанарда Сырымның шешесіне:

- Осы баланы жақсылып өсіріңіз,- деп тапсырады (Адамбаев,1969,48-б.).

Бұдан шығатын қорытынды: Сырым ойын баласы болса да, жастайынан-ақ ауылы аралас, қойы қоралас жүрген рулас ағайындардың мінез-құлықтарын жіті аңғарып, ой түйе білген зерек бала болғанын байқаймыз.

«Бірде Төле би өзінің Тұрсынай, Құттыбай дейтін батыр жігіттеріне қарап былай депті:

Асыл тусаң Керей бол,  
Үш қазаққа мерей бол.  
Уақ болсаң Шоға бол,  
Даулы істе жорға бол.  
Арғын-Қыпшақ болсаң, Алтай бол,  
Найман-Қоңырат болсаң, Матай бол.  
Байұлы болсаң, Адай бол,  
Үйсін болсаң, Ботпай бол.  
Бұл атаулы болмасаң,

Қалай болсаң, солай бол?» (Есхожин, 1993,54-б.),- деген жолдардан, біз Төле бидің шешендік сөзінен Алтай мен Атырау арасындағы қазақтың қандай рулары барын білдірсе және олардың арғы-тегін, іс-әрекеттерін жақсы біліп, батыр жігіттерінің бойынан осы рулардағы асыл қасиеттерді, қарым-қатынасты көргісі келетінін байқаймыз. Біздіңше, бұл жолдарды шешендік арнау түріне жатқызуға болады.

Жоғарыда екі мысалдан байқағанымыздай, қазақ руларының өзіне тән ерекшеліктері, өмірлік ұстанымдары мен қағидаларын, мінез-құлқын, бет-бейнесін («имиджін», «стереотипін») немесе мінез-құлық прагматизмінің қайнар көзі шешендік сөздерде де жатқанын көреміз.

Шешендік сөздердің бір тобы – елдің қамы, қонысы мен күн-көрісіне, мал шаруашылығы үшін айтылған жер-су атауға қатысты берілген сын мен бағалар. Соның бірі – Асан қайғының жерге айтқан сындарымен қатар (Есхожин, 1993,19-21-б.), Сырым атымен айтылған сын мен берілген бағаға назар аударарлық. Мысалы, Асан қайғы желмаясымен Сарыарқаны аралап жүріп, әр жерге айтқан сындарының бір-екеуіне тоқталсақ, мынадай: «Есіл өзенін көргенде: «Жары мен суы тең, жарлысы мен байы тең болатын жер екен»,- десе, «Нұраның бойын көргенде: «Алты күнде ат семіртіп мінетін жер екен» (Есхожин, 1993,20-б.),- деген жолдардан Асанқайғы Сарыарқадағы Есіл мен Нұра өзендері бойындағы жерлерінің құнарлығы мен табиғи байлығын байқап, малға, адамдарға жайлы қоныс екенін ұлы көрегендікпен айтқанын көреміз. Ал Сырым батыр Жайықтың ішкі бетіндегі торғауыттар (қалмақтар) 1770 жылы көшіп кеткеннен кейін, бос қаңырап қалған қалған жерлерге ел көшуді көздейді. Сол жаққа барып, жер аралап жүріп, Еділ бойынан, Нарын құмынан және бергі қыраттан бірнеше жерден құдық қаздырып, қайта көмдіреді. Еділ бойынан қаздырып қайта көмген топырақ қазған орнының бетімен бірдей болады. Нарыннан қаздырып көмген топырақ орнына сыймайды, Жайықтан бергі қырдан қаздырып алған топыраққа қазған орны толмай қалады. Сонда Сырым былай сын айтқан екен: «Мынау Еділ жағасын жайлаған елдің шаруасы шарасынан орта түспес, Нарынды жайлаған елдің дәулеті тасыр, ал енді мына қыратты қоныс еткен елдің шаруасы кері кететін екен» (Адамбаев,1969,81-82-б.).

Кезінде Атырау және Маңғыстау облыстарында жүргізілген зерттеу жұмысымызда, бізге информаторлар, жоғарыдағы Сырым батыр айтқан сол жерлерге берген сыны мен бағасы туралы өңірдегі көнекөз қарттардың аузынан талай естігенін айтқан болатын. Біздіңше, Сырым батыр ертедегі адамдардың іс-тәжірибесіне сүйеніп, жердің шұрайлығын, қонысқа, малға жайлы екенін құдық қазып, оны өз топырағымен қайта көму арқылы анықтау тәсілін біліп, айтса керек,- деп ойлаймыз. Оны Маңғыстау өңірінде кездесетін құдық атаулары сол кезде де, бүгінде де елге, қонысқа, малға жайлы екенін дәлелдеп жатудың өзі артық болар.

Атам қазақ өзін қоршаған ортаға, табиғат құбылыстарына о бастан-ақ назар аударып, «бұл не? ол не? нешеу? немене?» деп сұрақ қойып, жауап іздеген. Сұрақ-жауап түрінде келген шешендік сөзге жауап беруші адам өз тәжірибесіне, көрген-білген, ой түйген нәрселеріне сүйеніп, сол сұраққа жауап беруге тырысқан. Осы тұрғыдан келгенде, зерттеуші Б.Адамбаев шешендік сөздер аясында жер-суға қатысты ақыл-нақыл сөздерге де халық ерекше мән берген,- дей келе, одан әрі зерттеуші төмендегі аңызды тілге тиек етеді. Сонымен, бір аңызда әз-Жәнібек халыққа:

- Үш арсыз, үш ғайып, үш жетім болады.- дейді, ол не? деп сұрақ қояды. Жиналған көпшілік: «Үш арсыз – ұйқы арсыз, күлкі арсыз, тамақ арсыз; үш ғайып – қонақ ғайып, несібе ғайып, ажал ғайып»,- деп шешеді. Бірақ үш жетімді ешкім таба алмайды. Сонда жиынға кешігіп келген Қарабай шешен тұрып:

Жетім үшеу емес, бесеу еді ғой!

Оты жоқ жер жетім,

Басшысыз ел жетім,

Елінен ауған ер жетім,

Тыңдаушысыз сөз жетім,

Жоқтаушысыз қыз жетім,- деп жауап береді. Бұл бір кісінің сөзі емес, қаңыраған жерді, қысыраған малды, еңіреген ерді сан рет көзімен көріп, басынан кешірген халықтың қорытындысы» (Адамбаев,1969,32-33-б.),- деп, түйіндеуінен елдің, жердің қадір-қасиетіне тірек болған «жетім» сөзі (концепт) арқылы халықтың ұшқыр ойын, бір нәрсені екінші нәрсемен салыстыра отырып, олардың ортақ және оқшау белгілерін ескеріп, жауап беруші шешеннің көрген-білгенінен қорытқан ақыл-ой дәрежесін көреміз.

Зерттеу барысында тіліміздегі «құлазу» сөзінің ауыспалы мағынасын анықтауда, мына шешендік сөзге назар аударалық. Мысалы, Бір қарт Қарауыл Қанай шешеннен:

- Ер басында бақыт нешеу, кемдік нешеу және құлазу нешеу? – деп сұрайды. Сонда Қанай шешен былай деп жауап берген:

- Ер басында бақыт – бесеу, кемдік – үшеу, құлазу – төртеу.

... Қалың ел көшсе – көл құлазиды,

Қаптаған мал кетсе – бел құлазиды.

Нарқын танымаған сөз құлазиды,

Қатарынан айырылған шал құлазиды.

Міне, төрт құлазу деген осы,- дейді (Адамбаев, 1969, 31-32 б).

Біздіңше, жоғарыдағы «құлазу» сөзі «2. Иесіз, қаңырап бос тұру» (Жанұзақов, 2008,536-б.) мағынасынан гөрі, ауыспалы мәндегі «уайым», «мұң», «жалғыздық» сөздері өлең жолдарындағы контекстіне қарай, «жетім» сөзі мағынасында да қолданылғанын байқаймыз.

Осы ретте, «жетім» деп әке-шешесінен айырылған, асыраушысы жоқ баланы айтамыз. Тілімізде «жетім» сөзі араб тілінде «жалғыздық» дегенді білдіреді. Дана халқымыз: «Жетім көрсен, жебей жүр» дегендей, «жетім» концептісі қазақтың дүниетанымында өзіндік айтылатын уәждері бар, өз алдына жеке қарастыруды қажет ететін мәселе деп қараған орынды.

## 5 Қорытынды

Мақала көлеміне орай, қазақтың шешендік сөздеріндегі ономастикалық атаулардың кейбір түрлеріне тоқталып, хал-қадірімізше оқырман назарына ұсындық.

Қорыта келгенде, шешендік сөздер – қиялдан тумайды, ол – күнделікті өмірден алынып, сан рет қайталанып, ой елегінен өткен әрбір жеке немесе тарихи адамдардың сөз саптауы, сол дәуірдің үні. Қазақта «Шебердің қолы – ортақ, шешеннің тілі – ортақ», - дегендей, ұлттың мәдени, саяси, рухани дәстүрлерімен сабақтасып жатқан, халық ауыз әдебиетінің күрделі де көркем дүниесі шешендік сөздеріндегі ономастикалық атауларды жинақтап, қазақ ономастикасы аясында кешенді түрде зерттеудің маңызы зор.

## Әдебиеттер тізімі

1. Адамбаев Б. «Шешендік өнер» («Сырым сөздері» негізінде). – А.: «Жазушы», 1969. – 140 б.
2. Жерінің аты, Елінің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: «Аруана Ltd» ЖШС, 2006. – 808 б.
3. Жер-су атауларының анықтамалығы/Жалпы ред. басқ. проф. Т.Жанұзақ. – А.: Арыс, 2009. – 744 б.
4. Қазақстанның географиялық атаулары. Ақмола облысы. Автор.: А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақ, А.Мектепов, Ш.Рахметов, т.б. – А.: Рауан, 1998. – 328 б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Жалпы ред. басқ. Т. Жанұзақов. – А.: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
6. Қарақасқа көл/[https://kk.wikipedia.org/wiki/Қарақасқа\\_\(көл\)#](https://kk.wikipedia.org/wiki/Қарақасқа_(көл)#) – қараған күні – 12.11.23.
7. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – А.: Мектеп, 1985. – 256 б.
8. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері – А., 2005. – 240 б.
9. Негимов С. Шешендік өнер. – А.: Ана тілі, 1997. – 210 б (электронды каталог). – қараған күні – 05.09.23.
10. Негимов С. Қасиетті Қазығұрт басындағы «Мәңгілік Ел» саябағы//«Qazaq adebieti» газ., №37. 23.09.2022. – 12-13-б.
11. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. 2-е изд. перераб. и дополн. Отв. ред. д.ф.н., А.В. Суперанская. – М.: Наука, 1988. – 192 с.
12. Шешендік шиырлары: (Шешендік сөздер, нақылдар мен толғаулар жинағы)/Құраст.: І.Есхожин. – А.: Қайнар, 1993. – 240-б.
13. Шешендік сөз// [https://kk.wikipedia.org/wiki/Шешендік\\_сөз](https://kk.wikipedia.org/wiki/Шешендік_сөз) – қараған күні – 05.09.23.

## ҚОЖАНҰЛЫ, М.

### ОБ ОНОМАСТИЧЕСКИХ ИМЕНАХ В КАЗАХСКИХ ОРАТОРСКИХ СЛОВАХ

*В статье рассматривается об одной из сфер устной народной литературы – ораторском искусстве, опираясь основанное на взглядах отечественных ученых, в рамках казахской ономастики.*

*Вначале именно народ произносят ораторские слова, и именно народ сохранил, носитель их и передал следующим поколениям, и что в сознании народа звучат образы, навсегда сохраненные: оратор Сырым, Толе би, Айтеке би, Казыбек би и др. ориентируясь на слова, би-ораторами можно распознать тонкости имен в ономастическом пространстве.*

*Автор акцентирует внимание на том, что ономастические имена чаще встречаются в ораторском споре, чем в ораторском посвящении (арнау), размышлении (толғау), прежде всего в контексте ораторского спора, а также некоторых видов ораторского слова.*

*Сложный и художественный мир народной устной литературы предлагает обобщить ономастические названия, встречающиеся в казахских ораторских словах, и комплексно изучить их в рамках казахской ономастики, а ораторское слово является разновидностью ономастического термина-идеонима, как ономастический термин как форму идеонима, рассматривая его как термин ритороним.*

**Ключевые слова:** ораторские слова (риторика), ритороним, виды ораторских слов: ораторское посвящение (арнау), размышление (толғау) и спор, виды ораторского спора, казахские родовые имена.

KOZHANULY, M.

**ABOUT ONOMASTIC NAMES IN KAZAKH ORATORICAL WORDS**

*The article deals with one of the spheres of oral folk literature – oratory, based on the views of domestic scientists, within the framework of Kazakh onomastics.*

*Initially, it is the populace themselves who speak the oratorical words, and it is they who have upheld and transmitted them to future generations as their bearers. Embedded within the collective consciousness are the enduring images forever preserved: orator Syrym, Tole bi, Aiteke bi, Kazybek bi, etc. By focusing on words, bi-orators can recognize the subtleties of names in the onomastic space.*

*The author focuses on the fact that onomastic names are more common in an oratorical dispute than in an oratorical dedication (arnau), reflection (tolgau), primarily in the context of an oratorical dispute, as well as some types of oratorical words.*

*The intricate and artistic world of folk oral literature suggests a comprehensive examination of onomastic names found in Kazakh oratorical expressions. These names can be thoroughly studied within the framework of Kazakh onomastics. Oratorical speech is considered a type of onomastic term, specifically an ideonym, viewing it as a rhetorical name.*

**Key words:** oratorical words (rhetoric), rhetorical name, types of oratorical words: oratorical dedication (arnau), reflections (tolgau) and dispute, types of oratorical dispute, Kazakh generic names.

ӘОЖ 82.0 (574)

**Оспанұлы С.,**

*Ақын, Халықаралық «Алаш»*

*әдеби сыйлығының лауреаты,*

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай*

*өңірлік университетінің профессоры,*

**Мырзағалиева К.,**

*филология ғылымдарының кандидаты,*

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай*

*өңірлік университетінің профессоры,*

*Қазақстан, Қостанай*

**КӨРІКТІ ЖАННЫҢ КӨРКЕМ ЖЫРЛАРЫ**

**Түйін**

*Кім-кімнің де туған жерінің табиғатына тартып туатыны қазір ақиқатқа айналып келеді. «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы» деп жырлаған Арқаның арқалы ақыны Сәкен Сейфуллин, Кеңес Одағының батыры, ғалым Мәлік Ғабдуллин, ақын, Мемлекет қайраткері Кәкімбек Салықов, Қазақстанның Халық жазушысы Сәкен Жүнісов қандай келбетті, бет-пішіндері де, жандары да сұлу адамдар еді ғой. Сол сияқты «О, Көкшем, сері Көкшем», деп тебіренген Марфуға Бектемірова да көрікті болатын.*

**Кілт сөздер:** өмір, өлең, туған жер, поэзия, ақын, руханият.

**1 Кіріспе**

Кім-кімнің де туған жерінің табиғатына тартып туатыны қазір ақиқатқа айналып келеді. «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы» деп жырлаған Арқаның арқалы ақыны Сәкен Сейфуллин, Кеңес Одағының батыры, ғалым Мәлік Ғабдуллин, ақын, Мемлекет қайраткері Кәкімбек Салықов, Қазақстанның Халық жазушысы Сәкен Жүнісов қандай келбетті, бет-пішіндері де, жандары да сұлу адамдар еді ғой. Сол сияқты «О, Көкшем, сері Көкшем», деп тебіренген Марфуға Бектемірова да көрікті болатын.

М. Бектемірова алғашқы өлеңдерімен-ақ оқушыларын баурап, сері Көкшесіндей жүректеріне жол таба білді. Бұл – жырларының сыршылдығы, інжу-маржандай кіршіксіз тазалығы, шынайылығы. Көрікті қыздың жырларының да көрікті болуы заңды да сияқты.

**МАЗМҰНЫ**

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ**

*Абильмаликов, К.К., Сержан, Ш., Құрманязов, Ы.С.* Ботай-Терсек тарихи-мәдени қауымдастығы: ортақ сипаттамалары ..... 3

*Бекбосынова, А.Х., Алдабергенова, Ж.Ж.* Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы «Махаббат» концептісі ..... 10

*Безаубекова, А.Д., Амиргалиева, Е.С., Қайырғали, Д.А.* Тілдердің шығуы мен дамуы және олардың өзара әсерлері ..... 14

*Безаубекова А.Д., Атығай, Ш.С., Шахметова, М.А.* Тілдердің шығу тегі, туыстығы (генеологиялық) жағынан топтастырылуы ..... 19

*Бекбосынова, А.Х., Исмагамбетова, Ж.Б.* Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы мақал-мәтелдердің қолдану ерекшелігі ..... 23

*Бекбосынова, А.Х., Куанышбаева, Г.Ш.* С. Мұратбеков шығармаларындағы «Соғыс» концептісі..... 27

*Бекбосынова А.Х., Омарова Д.К.* Б. Сокпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романындағы мақал-мәтелдердің қолданыс ерекшелігі ..... 31

*Есіркепова, К.Қ., Артықбай, И.Б., Акрамова, М.Ж.* Тахауи Ахтанов «Қаһарлы күндер» романындағы «Соғыс» концептісі..... 37

*Есіркепова, К.Қ., Елепай, А.А., Укенов, Т.М.* Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романындағы «Қазақ бейнесі» концептісі ..... 43

*Қожанұлы, М.* Қазақтың шешендік сөздеріндегі ономастикалық атаулар хақында ..... 48

*Оспанұлы, С., Мырзағалиева, К.* Көрікті жанның көркем жырлары ..... 57

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ**

*Абдулин, Ж.К., Тастанов, М.Г.,* Жоғары оқу орынында оқу процесінде студенттің өзіндік жұмысының рөлі ..... 62

*Жақып, А.А., Қабден, Қ.Ж., Нурмуханбетова Н.Н., Сергазина С.М., Острецова И.Б.* Жалпы білім беретін мектептерде химия сабақтарында «case-study» әдісін қолдану аясында кәсіби құзыреттілігін арттыру ..... 66

*Жаппасова, К.А., Тастанов, М.Г.* Электрондық білім беру ресурстарын пайдалану әдістемесі ..... 74

*Казиева, Г.Н., Тастанов, М.Г.* Оқыту әдістерін дамыту бағыттары және физика сабағын оқытуға тәжірибеге бағытталған тәсіл..... 79

*Орманова, Г.К., Ораз, А.Д.* Орта мектепте «Ядролық физика» бөлімін оқытуда оқушыларды ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне баулуда инновациялық тәсілдердің ролі ..... 85

**ӘЛЕУМЕТТІ ҒЫЛЫМДАР**

*Есионова, А.Н.,* Steam оқыту жүйесі арқылы оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру ..... 89

*Жигалова, Н.Г., Цыганова, А.Е.,* Қалалық ортамен танысу үшін квест технологиясы қолдану..... 94

*Калкашев, С.Г., Абдиманапов, Б.Ш., Аяпбекова, А.Е., Нурханов, М.А., Гордеева, З.И.* География пәнінде критериалды бағалау үдерісінің тиімді болуындағы саралау ..... 101

*Коваль, А.П., Баяндин, М.А.,* Өндірістік жаракаттану деңгейі және Қазақстан Республикасындағы өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандыру жүйесі ..... 110

**БІЗДІҢ АВТОРЛАР** ..... 117

**АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА** ..... 126

## СОДЕРЖАНИЕ

**ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО**

<i>Абильмаликов, К.К., Сержан, Ш., Курманиязов, Ы.С.</i> Ботайско-Терсекская историко-культурная общность: общие характеристики.....	3
<i>Бекбосынова, А.Х., Алдабергенова, Ж.Ж.</i> Концепт «Любовь» в романе А.Нуршаихова «Махаббат, кызык мол жылдар» .....	10
<i>Безаубекова, А.Д., Амиргалиева, Е.С., Қайыргали, Д.А.</i> Происхождение и развитие языков и их взаимные эффекты.....	14
<i>Безаубекова А.Д., Атығай, Ш.С., Шахметова, М.А.</i> Группировка языков по происхождению, родству (генеологическому) .....	19
<i>Бекбосынова, А.Х., Исмагамбетова, Ж.Б.</i> Специфика употребления пословиц и поговорок в романе Габита Мусрепова «Улпан» .....	23
<i>Бекбосынова, А.Х., Куанышбаева, Г.Ш.</i> Концепт «Война» в творчестве Муратбекова .....	27
<i>Бекбосынова А.Х., Омарова Д.К.</i> Особенность использования пословиц в романе Б. Сокпакбаева «Мертвые не возвращаются».....	31
<i>Есіркепова, К.К., Артықбай, И.Б., Акрамова, М.Ж.</i> Концепт «Война» в романе Тахауи Ахтанова «Суровые дни».....	37
<i>Есіркепова, К.К., Елепай, А.А., Укенова, Т.М.</i> Концепция «Образ казаха» в романе Г. Мусирепова «Улпан».....	43
<i>Қожанұлы, М.</i> Об ономастических именах в казахских ораторских словах.....	48
<i>Оспанұлы, С., Мырзағалиева, К.</i> Прекрасные произведения красивой души.....	57

**ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ**

<i>Абдулин, Ж.К., Тастанов, М.Г.</i> Роль самостоятельной работы студента в процессе обучения в вузе.....	62
<i>Жақып, А.А., Қабден, Қ.Ж., Нурмуханбетова Н.Н., Сергазина С.М., Острецова И.Б.</i> Повышение профессиональной компетентности в рамках применения метода «case-study» на уроках химии в общеобразовательных школах.....	66
<i>Жаппасова, К.А., Тастанов, М.Г.</i> Методика использования электронных образовательных ресурсов .....	74
<i>Казиева, Г.Н., Тастанов, М.Г.</i> Направления развития методов обучения и практический подход к преподаванию урока физики .....	79
<i>Орманова, Г.К., Ораз, А.Д.</i> Роль инновационных методов в привлечении к научно-исследовательской деятельности обучающихся при обучении «Ядерная физика» в средней школе .....	85

**СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ**

<i>Есионова, А.Н.</i> Организация исследовательской деятельности школьников через систему stem обучения .....	89
<i>Жигалова, Н.Г., Цыганова, А.Е.</i> Использование квест-технологии для ознакомления с городской средой .....	94
<i>Калкашев, С.Г., Абдиманапов, Б.Ш., Аяпбекова, А.Е., Нурханов, М.А., Гордеева, З.И.</i> Дифференциация эффективного использования системы критериального оценивания по предмету география .....	101
<i>Коваль, А.П., Баяндин, М.А.</i> Уровень производственного травматизма и система страхования от несчастных случаев на производстве в Республике Казахстан.....	110

<b>НАШИ АВТОРЫ</b> .....	120
--------------------------	-----

<b>ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ</b> .....	129
-------------------------------------	-----

**CONTENT**

**HUMANITIES AND ARTS**

*Abilmalikov, K.K., Serzhan, Sh., Kurmaniyazov, Y.S.* Botai-Tersek historical and cultural community: general characteristics..... 3

*Bekbosynova, A.Kh., Aldabergenova, Zh. Zh.* Concept «Love» in the novel «Makhabbat, kyzyk mol zhyldar» by A. Nurshaihov ..... 10

*Bezaubekova, A.D., Amirgalieva, Y.S., Kayyrgali, D.A.* The origin and development of languages and their mutual effects..... 14

*Bezaubekova, A.D., Atygai, Sh.S., Shakhmetova, M.A.* Grouping of languages by origin, relationship (genealogical)..... 19

*Bekbosynova, A. Kh., Ismagambetova Zh.B.* The specifics of the use of proverbs and sayings in Gabit Musrepov's novel «Ulpan» ..... 23

*Bekbosynova, A.Kh., Kuanyshbaeva, G.Sh.* The concept of «War» in Muratbekov's works ..... 27

*Bekbosynova, A.Kh., Omarova D.K.* Specificity of the use of proverbs in B. Sokpakbaev's novel «The dead do not return» ..... 31

*Yessirkerova, K.K., Artykbay, I.B., Akramova, M.Zh.* The concept of «War» in Takhaui Akhtanov's novel «Kakharly kunder» ..... 37

*Yessirkerova, K.K., Yelepay, A.A., Ukenova, T.M.* The concept «Kazakh image» in Musirepov's novel «Ulpan»..... 43

*Kozhanuly, M.* About onomastic names in kazakh oratorical words ..... 48

*Ospanuly, S., Myrzagaliev, K.* Fine pieces of work of a beautiful soul ..... 57

**NATURAL SCIENCES**

*Abdulin J.K., Tastanov M.G.* The role of the student's independent work in the process of studying at the university ..... 62

*Zhakyp A.A., Kabden K.Zh., Nurmukhanbetova N.N., Sergazina S.M., Ostretsova I.B.* Improving professional competence within the framework of the use of the «case-study» method in chemistry lessons in secondary schools ..... 66

*Zhappasova K.A., Tastanov M.G.* Methods of using electronic educational resources..... 74

*Kazieva G.N., Tastanov M.G.* Directions of development of teaching methods and a practical approach to teaching a physics lesson..... 79

*Ormanova G.K., Oraz A. D.* The role of innovative methods in attracting students to research activities in teaching «Nuclear physics» in secondary school ..... 85

**SOCIAL SCIENCES**

*Yesionova, A.N.* Organization of student research activities through the stem education system ..... 89

*Zhigalova, N., Tsyganova, A.Y.* Use of quest technology to explore the urban environment..... 94

*Kalkashev, S.G., Abdimanapov, B.Sh., Ayapbekova, A.Y., Nurkhanov, M.A., Godeeva, Z.I.* Difference of effective use of criteria-based systems of geography knowledge assessment..... 101

*Koval, A., Bayandin, M.A.* Frequency rate of occupational injuries and occupational injury insurance system in the Republic of Kazakhstan..... 110

**OUR AUTHORS** ..... 123

**INFORMATION FOR AUTHORS** ..... 132



**Компьютерлік беттеу: С. Худякова**

**Компьютерная верстка: С. Худякова**

---

---

Басуға 26.12.2023 ж. берілді.  
Пішімі 60x84/8. Көлемі 11,0 б.т.  
Тапсырыс № 015

Подписано в печать 26.12.2023 г.  
Формат 60x84/8. Объем 11,0 п.л.  
Заказ № 015

Ахмете Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университетіндегі  
редакциялық-баспа бөлімінде басылған  
Қостанай қ., Байтұрсынов к., 47

Отпечатано в редакционно-издательском отделе  
Костанайского регионального университета  
имени Ахмет Байтұрсынұлы  
г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 47